


Әлемдік саясаттағы Франция

Пән: Әлемдік саясаттың өзекті мәселелері



Группа: 1Г-15
Студент: Берікқазина Л.
Оқытушы: Бексейтова А.

Франция мемлекетінің туы мен елтаңбасы



Франция Республикасы

Франция Республикасы (фр. République française) — Батыс Еуропадағы ең ірі мемлекет, жерінің ауданы жағынан ол Ұлыбританиядан екі есе үлкен. Францияның құрамына Корсика аралы, Жерорта теңізі мен Бискай шығанағындағы ұсақ аралдар енеді. Француз одағы деп аталатын бірлестікке бес шалғай департамент (Кариб теңізі алабындағы Гваделупа, Мартиника, Оңтүстік Америкадағы Гвиана, Үнді мұхитындағы Реюньон, Атлант мұхитындағы Сен – Пьер мен Микелон) және т.б. жатады. Халық саны 64,6 млн адам(1 шілде 2014). Француздар өз елін «гексагон» (алтыбұрыш) деп атайды. Еуропаның батысында орналасқан елдің негізгі аумағының құрылықтағы шекаралары солтүстікте Бельгия мен Люксембург, шығыста Германия мен Швейцария, ал оңтүстік – шығыста Италия және Монакомен, оңтүстік – батыста Испания және Андоррамен шектеседі.

Париж қаласы

Париж (фр. Paris /pa'vi/) — Францияның астанасы, маңызды экономикалық және мәдени орталығы. Франция ортаңғы бөлігінің солтүстігінде, Иль-де-Франс аймағында, Сена өзенінің жағасында орналасқан. Ұраны — *Fluctuat nec mergitur* («Оны тербелтеді, бірақ ол батпайды»). Парижде 13 млн халық тұрады.

kazinform

Еуропалық Одаққа енетін дамыған мемлекеттердің аралығында орналасуы Францияның еуропалық біртұтас қарым – қатынастарының дамуына оң әсер етеді. Францияның теңіздік шекаралары Жерорта теңізі, Бискай шығанағы және Ла-Манш бұғазы бөліп тұр. Жағалауларында кеме тоқтайтын қолайлы қойнаулардың болуы Францияның ежелден – ақ теңіз көлігінің дамуына және Еуропа ғана емес, басқа дүние бөліктерінде орналасқан елдермен де сыртқы сауда экономикалық қатынастар орнатуына алғышарт болды. Франция мемлекеттік құрылымы жөнінен унитарлы республика болып табылады, әкімшілік – аумақтық бөлінісі жағынан 96 департаменттен тұрады. 1958 жылы генерал Шарль де Голль елде мемлекетті басқарудың жаңа үлгісі – Бесінші республиканы орнатты. Франция республикада президенттің айрықша зор өкілеттілігі бар, ол елдің сыртқы саясатына қатысты мәселерді шешеді. Президент тағайындаған премьер – министр үкіметті басқарып, елдің ішкі жағдайына толығымен жауап береді. Елдегі заң шығарушы орган – екі палатадан сенат және ұлттық жиынды құрайтын парламент.

Францияның әсем жерлері

Эйфель мұнарасы



Нотр-Дам де Пари



Триумфал доғасы



Версаль сарайы



Экономикасы

Франция — жоғары дамыған индустриялы-аграрлы ел. Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі бойынша дүние жүзінде 4-орын (АҚШ, Жапония, Германиядан кейін), Еуропада Германиядан кейін 2-орын алады. Ұлттық табысты жан басына шаққандағы жылдық мөлшелері 24990 АҚШ долларына тең (2003 ж). Франция автомобильдер шығару жөнінде дүние жүзінде 3-орын, авиациялық және ғарыштық техника өндірісі бойынша Еуропада 1-орын алады. Сондай-ақ экспортқа көп мөлшерде қару-жарақ, АЭС-тер үшін құрал-жабдықтар, химикаттар, маталар мен киім-кешек шығарады. Француз өнеркәсібінің жетекші салаларына автомобиль жасау, химия мен мұнай химиясы, ұшақ жасау (аэробустар мен әскери ұшақтар), электроника, металлургия, темір жолы техникасын шығару жатады. Парфюмерия — косметикалық сала мен жоғары талғамды сәнді киімдер шығаруда Франция дүние жүзінде бірінші орынды иеленеді. Жылына шамамен 3,5 млн. автомобиль шығарса, оның жартысына жуығы экспортқа жіберіледі. Автомобильдердің 90%-дан астамын “Рено” мен “Пежо-Ситроен” компаниялары шығарады. Кеме және станок жасау, ауыл шаруашылық машиналары өндірісі де жақсы дамыған. Химия өнеркәсібі минералды тыңайтқыштар, синтетикалық каучук пен пластмасса, парфюмерия, дәрі-дәрмектер жасауға маманданған. Ірі мұнай, химиялық кәсіпорындары көп. Химия өнеркәсібі биотехникалық және гендік инженериямен тығыз байланысты. Тоқыма өнеркәсібі өзінің бұрынғы маңызынан айрылса да, Франция киім-кешек пен маталар шығарудан Еуропада алдыңғы орындардың бірін иеленеді (мақта-мата, жібек, синтетикалық жүн, кендір, зығыр маталары өндіріледі). Француз кәсіпорындары шығарған ірімшік, шараптар, кондитерлік бұйымдар дүние жүзіне танымал. Өнеркәсіп өнімдерінің 1/5-іне жуығы Париж бен оның айналасында, сондай мөлшері Лион мен солтүстік аудандарда өндіріледі. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірудің көлемі бойынша Франция дүние жүзінде АҚШ пен Канададан кейін 3-орынды иеленеді. Ол ауыл шаруашылық өнімдерімен өзін-өзі толық қамтамасыз етіп, 40%-ын экспортқа шығарады.

Францияның сыртқы саясаты

* Францияның сыртқы саясаты Шарль де Голльдің ұлттық дербестік және ұлттық мүдде принциптерінің негізінде құрылды. Де Голль атлантикалық саясаттан бас тартуды жақтап, халықаралық қатынастағы екіполюстік саясатқа қарсы күресті. Батыс пен Шығыс елдері арасында өзара келісімдер жүргізу арқылы шешімге келуге болатынын ай- тып, кез келген дау-жанжал мәселелерді бейбіт жолмен реттеуге шақырды. Бұл саясат француз-кеңес қарым-қатынастарын жаңа деңгейде жүргізуге жол ашты. АҚШ-тың “қырғи-кабақ” саясатын толық қолдамай, бейбіт қатар өмір сүру саясатына қарай ауыса бастады. Халықаралық қатынастағы екіполюстік саясатта бөсеңдеу кезеңі басталды. Екі ел арасындағы үкіметтік деңгейдегі қарым- қатынастардың арқасында экономикалық-сауда байланыстарының кең түрде жүруіне жол ашылды. 1960 жылы Н. С. Хрущевтің Францияға сапары барысында жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізуге қол жеткізілді.

Шығыс саясатына бағыт алуы 1966 – 1968 жылдарда Франция мен социалистік елдер арасындағы қарым-қатынастардың дамуына өкелді. Франция капиталистік елдер арасында бірінші болып Герман Демократиялық Республикасын мойындады.


Шарль де Голль Үкіметінің сыртқы саясатындағы негізгі бағыт Герман Федеративтік Респбликасымен достық, өзара сенім қарым- қатынастарын дамыту болды. Біртұтас Еуропа идеясын жүзеге асы- руда ГФР мен Франция байланыстарының маңыздылығына көп мән берді. 1958 жылы қыркүйекте Шарль де Голль Батыс Германияға ба- рып тұңғыш рет Аденауэрмен кездесті. Екі ел арасындағы сенімсіздікті түпкілікті жоюға келісті. 1963 жылы Франция мен ГФР елдері арасында сыртқы саясаттағы ынтымақтастық, қорғаныс және бітім салаларындағы келісімдерге қол қойылды. 1963 жылы 14 маусымда Ұлттық жиналыс француз-герман келісімін ратификациялады.

Қазақстан мен Франция



Қазақстан-Франция қатынастарында алдағы уақытта қаржы-банк ынтымақтастығынан көп үміт күтуге болады. Бұған қазіргі кезде Қазақстанда Франция елінің бірнеше банктерінің жұмыс істеуі нақты дәлел болады. Мемлекет басшыларының кездесуі мен жүргізген келіссөздерінде нақтыланғанындай, екі мемлекеттің экономикалық байланыстарын дамытуда

Үкіметаралық экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның жұмысын оң бағалауға болады. Жалпы, 1992 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан аталған комиссия осы аралықта сегіз отырыс өткізген. Оларда Қазақстан мен Франция қарым-қатынастарын дамытуға қатысты көптеген мәселелер талқыланып жүр.



Н.Назарбаевтың Францияға іс-сапары

Екі мемлекеттің президенттерінің кездесуі



Пресс-конференция

Қазақстан мен Франция арасындағы мәдени-гуманитарлық қатынастар да соңғы жылдары ойдағыдай дамып келеді. 1993 жылы екі елдің арасында осы саладағы байланыстарын жандандыруға бағытталған үкіметаралық келісім жасалған. Осы қатынастар бүгінде екі ел халқының мәдениет пен өнер салаларындағы байланыстың негізі болып отыр. Содан бергі уақытта Алматыда “Альянс Фғансез” мәдени білім агенттігінің өкілдігі ашылды. Бұл агенттіктің 139 елде филиалдары жұмыс істейді. Олар негізінен Франция үкіметінің франкофония және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытудағы басты құралы болып табылады.

Сондай-ақ Қазақстан мен Франция арасында білім беру жөніндегі қатынастар да ойдағыдай дамып келеді. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев баспасөз мәслихатында атап өткеніндей, “Болашақ” бағдарламасы бойынша Қазақстанның көптеген жастары Францияның беделді жоғары оқу орындарында білім алып, қазіргі кезде ел экономикасының дамуына үлес қосып жатыр.

Назарларыңызға рахмет.



Азығы бір күнге жететін айламен емес,
Білімі мың жылға жететін пайдамен өмір сүрейік!